

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IX том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
Б. Жакып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков,  
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,  
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),  
И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

**Пікір-жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

**Жалпы-редакциясын-басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Авторлар:**

Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова,  
Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер

**Жауапты-редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IX том. Пәнаралық зерттеу / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер; жауапты ред. З. Сейітжанов; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 291 б.

**-ISBN-978-601-04-1617-8(ортақ)**

**-ISBN-978-601-04-1717-5-(IX-том)**

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай өлемін терең тануға талаптанған көпшілік оқырманға арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӨОЖ-821.512.122.0-**

**КБЖ-83.3(5Қаз)-**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)  
ISBN 978-601-04-1717-5 (IX-том)

© Авторлар ұжымы, 2016  
©-Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## II тарау

### КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІ

#### 1

Гетенің «Ночная песнь странника» – «Жолаушының түнгі жыры» 1780 жылы 7 қыркүйекте түнде Ильменау маңайындағы Кихельхан тауының басындағы ағаш үй қабырғасына қарындашпен жазылған.

М. Лермонтов аудармасында:

Горные вершины,  
Спят во тьме ночной.  
Тихие долины,  
Полны свежей мглой.  
Не пылит дорога,  
Не дрожат листы.  
Подожди немного,  
Отдохнешь и ты, –

деген поэтикалық көркем жолдармен берілген лирикада түнгі тыныштықтағы тамаша табиғат мезеті философиямен астасырылған. Сұлу да сырлы, ой-сезіммен үндескен ғажайып лирика. Гетенің сегіз жолдық кішкене жауһарында «бар табиғат, күллі әлем сыйып тұр», – деп бағалайды Гете шығармашылығын зерттеуші А. Аникст. Абай аудармасы төл туындыдай көңілде жатталып, шымырлап бойға енді. Абай әні болып тәтті әуеніне жан-жүректі ұйытты.

Қараңғы түнге тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап,  
Даланы жым-жырт дел-сал ғып,  
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,  
Сіпкіне алмас жапырақ.  
Тыңшығарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсаң азырақ.

1890 жылы Абай Лермонтов поэзиясын құштарлықпен аударды. Тамаша тәржімаланған туындылар шоғырында «Қараңғы түнде тау қалғып» атты философиялық лирика да әсем әуезімен көңілді баурап, жүректі әлдилеп әкетті. Абай Гете өлеңінің поэтикалық ырғағын, сөзін, әдемі әуезін, ішкі ойының терең мәнін көңіл көрегендігімен дәл жеткізе білді. Гете ақын, ойшыл ғана емес, суретші, ал Абай – ақын, философ, композитор.

Гете табиғатты сан түрлі бояулармен, кескіндеумен бірге, сол сезімді жүрек сәулесімен нұрландырып, керемет жырға айналдырса, Абай сонау алыс елдегі классик ақынның бір ғасыр бұрын жазылған лирикасынан рухани нәр, тамаша әсер алып, поэзиясындағы рухты жүрек лүпілін, көңіл тебіренісін қазақ оқырмандарының көкейіне шуақтандырды. Сыршыл сезімнен туған сұлу әуезді өлеңнің ырғақ-интонациясына, философиялық ой әлеміне бойлап ұлттық поэзиямызға әдемі үйлестірді.

Гете поэзия туралы пайымдауында: «Әлем қаншалықты ұлы және бай, өмір қаншалықты көп қырлы. Менің өлеңдерімнің бәрі жағдайдан туған. Олар шындықтан шабыт алған, соған негізделген, соған құштарланған», – депті.

Лермонтов аудармасын біреулер еркін аударма, екінші біреулер Гете поэзиясына еліктеу түрінде жазылған десе де, Б. Әйханбаум мен В. Брюсов тура аударма деген ой айтады. Әрине, бұл ешқандай еліктеу де, бейімдеу де емес. Гете лирикасының ақындық құштарлықпен, шабытпен аударылған орысша нұсқасы. Гетенің өлеңін қаншама аудармашы қайта аударуға талпынғанмен, М.Ю. Лермонтовтан аса алмаған. Ал, Абай болса, Лермонтовтан асып түсті. Лермонтовтың сурет салғаны, музыкаға құштарлығы жырдың ойы мен тілін әуезділікке жеткізуге мүмкіндік берсе, Абай көркем тілмен сурет салып, әдемі әуезбен мәңгілік әнге айналдырды. Талант кереметтілігі осында!

## М. Құрмановтың немісшеден жолма-жол аудармасы:

Барлық пыңдардың басында  
Тыныштық  
Ағаштардың басында  
Болар болмас  
Леп байқалады,  
Ормандағы құстардың үні өшкен  
Тек сабыр ет, сәлден кейін  
Сен де тыныштығың.

«Зер салып үңіле қараған адам тіпті неміс тілін білмегеннің өзінде жырдың байсалдылығы мен жатықтығын, әсем де көркем әуезін сезіне алады», – дейді аудармашы. Өлеңнің қалай туғаны туралы Гетенің жолсерігінің пікірі тебіреністі сезімге толы: «Ол бөлмеге енді де: Мен баяғыда қылшылдаған жас кезімде, осында болған едім. Қабырғасына қарындашпен өлең жазған болатынмын. Сол өлең өшпесе, сақталса игі еді. Жазылған уақытына қарап бір оқысам – деді. Өлең қаз-қалпында сақталған екен. Тебірене оқып шықты. Екі бетін ыстық жас жуып кетті. Бір кезде дірілдеген дауыспен: Иә! Тыншығырсың сен-дағы, сабыр етсең азырақ! – деді де біраз үнсіз қалды».

Тауды балбырап ұйқыға кетті деп бейнелеу – бала шағынан табиғаттың сұлулығын жүрегімен сезінген ақынның тапқырлығы. Алайда желмен сыбдырлаған жапырақ үніне, сыңғырлаған бұлақ тіліне үйренген көңіл оның тыншып қалуына алаңдайды. Түннің салбырап басуы да жан тыныштығы, рахаты емес. Думанды да дүбірлі тірліктің байқатпай келмеске кетуі іспетті. Ақын өмір қызығы мен қуанышынан түбі бір тыншып тынарын, тірліктің ақыры да таянып келетіндігін түнгі табиғаттағы өзінің ойымен аңдатады.

Жалпы ұлы ақындардың дүниетанымы, өмірге көзқарасы ұқсас болады. Мысалы, американың ұлы ақыны У. Уитменде «Ты отдохнешь в могильной тишине» деген жол бар: Әдетте, Уитмен Гетеден алмағаны белгілі. Бірақ ақындық қиял, тебірену, ойлау жүйесінде кейде осындай үйлесімділік ұшырасады. Бұл – табиғи заңдылық.

Үш тілді керемет меңгерген, аудармашы әрі аударма зерттеуші Г. Бельгер Гете өлеңінің неміс тіліндегі түпнұсқасымен қоса оның жолма-жол аудармасын да берген.

«Жолаушының түнгі жыры» Лермонтовты өзінің ғажайыптылығымен қалай тамсанта, Абайды да таңдандырған. Лирика – қазақ даласын шарлап кеткен аударманың озық үлгісі.

Лириканың алғашқы нұсқасы Гетенің 27 жасында жазылған. Екінші өлең 4 жылдан кейін дүниеге келді. Гете өзінің жастық шағымен қоштасып, махаббат сезімі шарпыған жалынды жылдарын артта қалдырады. Ғашықтың дертінен жапа шеккен ақынның қаяу көңілі достарынан да қол үздіреді. Жалғыздықты сезінген Гете енді жанына тыныштық тіледі. Аруларға деген сүйіспеншілігінен жан дүниесіне жара салған көңілі қаяу еді. Жабырқау жүзіне Тәңірден медет іздеді. Жанын жұбандырар жыр ғана. Сол жыр жан тыныштығын іздеген ақын сырын сыртқа, жұртқа жайды. Клауэрдің Гетенің дәл осы шағындағы салған мүсіні отыз жасар ақынның әбден шаршап, қалжырап, жабығып, беттері әжімделіп, уайым мен мұң басқан келбет-кескінін бейнелеген. «Қапырық күннен кейінгі түннің қандай тыныш, жанға жайлы сезімі Гетенің осынау шағын пьесасында еседі. Біздің ақындарымыз соны керемет жеткізген», – деп В.Б. Белинский де терең пайымдаған.

Сонау б.д.д. 340-278 жылдары өмір сүрген Қытай классигі Цюй Юанның «Горному духу» («Тау рухы») өлеңін алып қарайық. Қытай тілінен аударған Г. Днепрова.

Как одиноко.  
Стою я на вершине горной!  
Вниз уплывают облако,  
Кружась, клубятся,  
Все глубже сумерки,  
Ночная тьма сменяет день  
Восточный ветер поднимается,  
И боги посылают дождь.  
Останься, милый,  
Меня печаль томит.  
К закату годы клоняется,  
О кто же меня заставит зацвести?!

Гете лирикасымен салыстырып көрсеніз, жыр мазмұны мен ақындардың сезімі, ойы, мұңы ұқсас. Цюй жалғыздықтан жапа шеккен шағында сүйіктісінің қасында болуын аңсап, тілсіз табиғатпен сырласып мұндасса, Гете сүйкімді аруынан айырылып, ұлының қолында тұрмақ болғанда, тәкаппар келін бұл тілегін қабылдамай, жанын жаралайды. Ақын тау басына шығып, биіктен айналаға қарап отырып, тыныш, тынық табиғатта өзімен-өзі іштей сырласқан. Әрине, Гете қытай классигі лирикасын оқымаған, білмеген. Демек, өзені күркіреп, орман-тоғайы сыңсыған тау табиғаты ақындарды ғажап көркімен ғана тамсандырмаған, оларға әр сәтімен ой салған, толғандырған, тебіrentкен.

Өткен дәуірде өмір сүрген тағы бір қытай ақыны Фань Чжунминь «Өткен туралы естелік!» атты өлеңінде күннің батып, ымырт түсуіне қатысты көңіл-күйін:

Лучи подстали  
По горной вершине.  
Вот спряталось солнце,  
С ним радость ушла.  
Сливается небо,  
С водой темно-синей.  
Тоска одиночества,  
Нету печальней, –

деп сипаттаған. Байқап қарасақ, ақындардың жалғыздықты, жанын мазалаған уайым-мұңды тек тау табиғатымен бөлісетін тәрізді. Өзенге қарап ой тұнытып, шыңға қарап қиял шарықтатып, батқан күн сәулесіне көз тігіп, көңіл босататындай көрінеді. Ақынның жан дүниесіндегі мазасыздық, өмірдің өткінші мезеттерінің қайталанбастығы әр батқан күн, түскен қараңғылықпен күшейе түсетіндей. Жабырқаған ақын жаны бір сәт табиғаттың әр көрнісімен, әр сәтімен сырласып, сұхбаттасып, дауа, шипасын тапса керек.

Жаны жабырқаған жалғыздықты түнмен бөліскен ақын оны өзінің жансезімімен, көңіл-күйімен үндестіреді. Табиғаттың жайшылықта адам байқай бермейтін кереметтілігі мен сұлулығы да оған басқаша ой көзімен қарағанда жаңа қырын, тосын құбы-

лысын анық байқатады. Ақындар жандүниесіндегі мазасыздықты, сезім арпалысын бірде сүйікті аруымен бөліссе, енді бірде оны қою қараңғы түннен немесе айлы түнмен астастырады. Табиғатты тамашалаған алаң көңіл лирикасында өзінің сезім сипатын, жандүние толғанысын, тебіренісін қоса жеткізеді.

«Негізінен алғанда, Гете де, Лермонтов пен Абай да тұтасымен – жалпы тыныштық күйі, тыным рухы, интонация, ырғақ, әуез құбылысымен ғана емес, семантикалық аясында шу, дабыр, дыбыс мағынасы жоқ үнсіз сөздермен де... түнгі тыныштық дүниесі «дыбыссыз» бейнелермен берілген» деп пайымдай келе, белгілі сыншы, ғалым Тұрсынжан Шапай «Шын жүрек – бір жүрек» зерттеуінде Лермонтовтың түні мен тыныштығы бояуы әбден кепкен полотнодай біржола орнығып, тұрлау тапқан көрініс. Өлеңде бейнеленген табиғат тынымын өзекті пенденің әйтеуір бір өлетін ақиқатына меңзеу деп жорисың. Лермонтовтағы «отдохнень» пен Абайдағы «тыншығарсында» сол бейнелі бір терең трагизм жатқандай, – деп қорытындылайды.

В. Брюсов, И. Анненский, Ю. Александров аудармаларын салыстыра сараласак, ақындардың философиялық түйінді өз түсінігімен жеткізгенін пайымдаймыз.

В. Брюсов:

Подожди только: скоро,  
Унесешь и ты.

И. Анненский:  
О, подожди! Мгновенье  
Тишь и тебя ... возьмет

Ю.Александров:  
К отдохновенью  
Все ближе ты.

«Аудармаларда идеалдық дәлдік, сәйкестік жоқ. «Мгновенье –Тишь и тебя» Гете өлеңінің философиялық ойын жеткізе алмайды. Аудармашы М. Лермонтов пен Абайдай Гетенің сезім әлемін түсіне алмаған. Оны түсіну үшін де талант деңгейімен



бірдей болуы керек. Бұл екі ұлы классиктің айырықша таланттылығын айғақтайды. Ал Лермонтов Гетеден тек қана тақырыпты, идеяны, миниатюра негізін алған да, өзінің көңіл көкжиегінен ақындық рухты жеткізуге ұмтылған. Ақындар бір-бірін нәзік, сезімталдықпен түсінген!» деп тамсанады Г. Бельгер.

Алғашқы шумақта Лермонтов «вершины спят» деп бір ғана етістік қолданса, Абайда «кетерден» басқа, «наступает» – «түн басады» етістігінің қосарлана берілуі аударманы әрлендірген. Сол сияқты етістік формалы қалғып, дел-сал ғып, балбырап көсемшелері толықтырып тұр. Етістік пен етістік формаларының мұндай әр алуандығы әрі молдығымен Абай түннің қозғалысын, жақындауын, қараңғылық басып келе жатқанын суреттеу де қолданған. Баяу, жайлап төніп келе жатқан түн Абайға жанды тіршілік көзіне айналған, Гете мен Лермонтовтан мұны түнгі сурет сипатында сезінесің, ал Абайда басқаша.

«Өлеңнің ішкі композициялық құрылымында теңдестірілген табиғат пен адам атымен өзінің онтологиялық мағынасында тең емес. Табиғаттың мәңгілігінің жанында адам өмірі – қас-қағым ғана. Мәңгілікпен шендестірілген қас-қағым жоққа тән. Осының бәрі өлең интонациясымен, дыбыстың бейне, әуендермен тұтасып, поэтикалық суггестия (көркемдік әр түрлі тәсілдермен мәтіннен тыс астыртын мағыналарды сездіру, меңзеу) тудырған. Абайда бұл «тыншығарсың» етістігімен тіпті күшейе түскен» деген Т. Шапайдың дәлелдеуі Абай аудармасының түпнұсқасымен үндестігін, сәйкестігін анық байқатады. Ең бастысы Абай Гете лирикасының мағынасын, ойын терең түсіне келіп, жыр ырғағын, интонациясын, әуезін аударма бойына сіңірген. Егер М. Лермонтов аудармасына әлемнің әр елінен 90 композитор ән жазса, соның ең басында Абай талассыз тұрады.

Ақын, шебер аудармашы К. Заболоцкий «Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қалғып» жыры Гете нұсқасынан озық. Бұл ешқашан ережеге сыймас ерекше жағдай» деген екен кезінде. Біз айтар едік, Абай аудармасындағы Гете өлеңі тіпті түпнұсқадан да асып түскен. Аудармашы мөлдіреген лириканың тұнып тұрған сырын сезім сұлулығымен астастырып жіберген.

Екінші жағынан ұлттық өлең өлшеміне түсіріп, өзіндік өрнегін берген ырғағын айшықтап, әуезді әнге айналдырған. Ол осынау тың бейнелеу, ой тереңдігімен, сараланған сөзбен салынған суретті ғажайып лирикадан Б. Пастернак түпнұсқасына қарағанда М. Лермонтов аудармасынан ерекше ләззат алғанын айтса, М. Әуезов Абай аудармасына айрықша құмартқан, қызыққан. Талантты аудармашы әрі зерттеуші Абай аудармасын саралап, талдап, «Қазақ әдебиетінің өркендеуі үшін Абайдың шығармашылық жұмысының зор маңызы болды» – деп қорытындылайды.

Абай аудармасы Лермонтов мәтініне жақындағанымен, Лермонтовтық образды жаңаша пайымдап, өзіндік тұжырымдауымен ұтымды. «Түнді Лермонтовша суреттей келіп, ол «қазақ түнін, қазақ даласының түнін» поэзиясында көрді де сезінді», – деген Г. Бельгер дәл аңғарған. Гетенің керемет көркем лирикасын «Таулы шындар» деген тақырыппен М. Әлімбаев та аударған:

Мақпалдай қара түндерде,  
Маужырап таулар мүлгиді.  
Тым-тырыс, бей-жай қыр-белде  
Қоңыржай мұнар сырғиды.  
Бұрқ етпес шаң да жолдағы,  
Желпінбес жасып шалғында.  
Аялдай тұрсаң болғаны.  
Тыныстар күнің алдында.

Әрине, М. Әлімбаев неміс тіліндегі түпнұсқадан емес, Лермонтов мәтінінен тәржімалаған. Мұзағаң лириканың ырғақ, интонациясы, әуезінен гөрі, ойына жақындауды мақсат еткен. Нәтижесінде аударма Лермонтовтың қосымша өлеңі болып шыққан.

Ал Абай аудармасындағы «Таулы шындар» гетелік түпнұсқаға рухани жақын. Лирикадағы ырғақ, интонация, ақындық ой-сезімді терең түйсініп жеткізген. Ақынның жан дүниесінің тереңіне бойлап, оны өзінің көңіл күйімен үйлестірген Абай шеберлігі шексіз. Ұлыны ұлы жүрегімен ұғынған. Мұны мөлдір сезімнен, шынайы көңілден туған әдемі лириканың әсерлі де әсем аудармасынан айқын аңғарамыз. Бұл – нағыз биік классикалық аударма үлгісі.

3. Ахметов: «Поэзиялық шығармада ойдың, сезімнің мағыналылығымен қоса бейнелілігінің, көркемділігінің мәні зор. Әр сөздің мазмұны-мағынасымен бірге ырғақ-әуезділігі де оқушыға үлкен әсер етеді. Сөз өнеріне, әдеби шығармаға тән ойдан шығару, әсірелеу, көркемдік шарттылық та поэзияда өзінше сипат алатын»[1, 216], – дейді. Осының бәрі поэзия шығармаларын аударудың оңай емес екенін білдіреді.

Гете сияқты ұлы тұлғаның шығармаларының келіскен көркем аудармасы оқырмандарымыздың дүниеге көзқарасын кеңейтіп, эстетикалық сана сезімін тереңдететіні, адамзаттың рухани мәдениетін байытатыны мәлім. Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» шығармасын Абайдың қазақ тілінде сөйлетуі кездейсоқ емес. Абай Гетенің өзіне табиғаты жақын, өзінің жан дүниесімен рухани үндесетін шығармасын аударды. Аударманы Абайдың өз шығармаларынан ажырату қиын, аударма төл туындыдай әсер қалдырады. Бұл туралы біздің жазушы, аудармашыларымыз бен аударматанушыларымыз дұрыс айтты. Абай тек данышпан ақын ғана емес, сонымен қатар аударманың қыр-сырын терең меңгерген шебер аудармашы. Абай Гетенің өлеңін қарапайым аудармашы секілді емес, нағыз суреткер ақын сияқты аударды. Абай аудармасына сын айтудың өзі қиын. Аудармаға қойылатын талаптар мен міндеттерді Абай жоғары ақындық шеберлік биігінде орындаған. Біз үшін Абайдың аудармалары-поэтикалық мәтінді үздік аударудың үлгісі.

Гетенің «Wanderer's Nachtlied» өлеңінің алғашқы шумағы сегіз тармақтан тұрады:

Über allen Gipfeln  
Ist Ruh,  
In allen Wipfeln  
Spürest du  
Kaum einen Hauch;  
Die Vögelein schweigen im Walde.  
Warte nur balde  
Ruhest du auch [2,108; 3, 87].

Б. Момышұлы Гетенің осы өлеңін түпнұсқадан орыс тіліне жолма-жол былай аударған:

Над вершинами покой,  
В листвах не услышишь шороха.  
Птички безмолвно молчат в лесу.  
Подожди немного,  
Скоро отдохнешь и ты [2, 111].

Гетенің «Wanderer's Nachtlied» өлеңінің орыс тіліне жолма-жол аудармасын Г. Бельгер Б. Момышұлынан кейін мынадай үлгіде жасайды.

Над всеми вершинами  
Есть покой.  
В каждой верхушке (макушке дерева)  
Чувствуешь ты  
Едва дуновение.  
Птички молчат в лесу.  
Подожди только, скоро  
Отдохнешь ты тоже [3, 87; 2, 105].

Б. Момышұлы түпнұсқадағы сегіз жолды бес тармақпен береді. Г. Бельгер түпнұсқанын тармақсанын толық сақтайды. Түпнұсқадағы «всеми» (allen), «есть» (ist) деген бірліктер Б. Момышұлының жолма-жол аудармасында қалдырылып кеткен. Түпнұсқаның келесі тармақтары «в каждой верхушке» (In allen Wipfeln), «чувствуешь ты» (Spürest du), «едва дуновение» (Kaum einen Hauch) аудармада берілмеген. Бұл тармақтардың орнына аудармашы түпнұсқада жоқ «в листвах не услышишь шороха» деген бір тармақты қолданады. Дегенмен бұл тармақ түпнұсқадағы тармақтардың мағынасын дәл бермейді, мәтін бірліктерінің лексикалық мағынасын сақтамаған. Түпнұсқада ағаштың ұшар биігінен леп сезілетіндігі туралы ой бар. Б. Момышұлының аудармасында керісінше жапырақтардың сыбдыры естілмейді, яғни ешқандай қимыл жоқ. Түпнұсқадағы «чувствуешь» (Spürest) дегенді «услышешь» сөзімен алмастырған. Бірақ «чувствуешь» пен «услышешь» сөздері бір-біріне балама емес. Оның үстіне

түпнұсқадағы «чувствуешь» (Spürest) сөзінің нақты лексикалық мағынасының қосымша эмоциялық реңкі бар. Түпнұсқадағы «ағаш» (wipfeln) деген жалпы ұғым аудармада «жапырақ» деп нақтыланған. «Птички безмолвно молчат в лесу» дегенде «безмолвно» эпитетін аудармашы өз тарапынан қосқан. Б. Момышұлы түпнұсқаның мазмұнын сақтаған, бірақ пішінін өзгерткен. Б. Момышұлы өлеңнің сөзін емес, ойын жеткізуді басты міндет етіп қойған. Аудармада жеке сөздердің, сөйлемнің мағынасын емес, толық мәтіннің мағынасын жеткізудің маңыздылығы туралы талапты Б. Момышұлы өз аудармасында сәтті орындаған. Б. Момышұлы аудармада жеке сөздердің емес, жалпы өлеңнің мағынасын беріп, ықшамды етіп аударады.

Г. Бельгердің аудармасының түпнұсқаға сәйкестілігінің деңгейі жоғары. Бельгер өзінің тарапынан еркіндікке бармай, түпнұсқаны сөзбе-сөз аударған. Бірақ аудармашы түпнұсқаның ырғақ, интонациясына жете мән бермеген.

Б. Момышұлы мен Г. Бельгердің Гете өлеңін орыс тіліне жолма-жол аударуының практикалық маңызы бар. Олардың жолма-жол аудармалары мен М.Ю. Лермонтовтың, Абайдың поэтикалық аудармаларын салыстырып талдау аудармашылардың әрқайсысының шығармашылық шеберліктерін тануға мүмкіншілік береді. Сонымен қатар түпнұсқаның көркемдік ерекшеліктерін дұрыс бағалауға негіз болады.

М.Ю. Лермонтов өлеңді неміс тілінен мынадай үлгіде аударады:

Горные вершины  
Спят во тьме ночной;  
Тихие долины  
Полны свежей мглой;  
Не пылит дорога,  
Не дрожат листы...  
Подожди немного,  
Отдохнешь и ты [3, 89-90; 2, 109].

М.Ю. Лермонтов аударма мәтінге түпнұсқада жоқ жаңа сөз, образ, тіркестерді қосқан. Ол өлеңнің сөзін емес, мәнін, әуенін,

стилін аударарды. Сонымен қатар Лермонтовтың аудармасында нақтылық басым. Гете «над всеми вершинами» деп жалпы түрде алса, Лермонтов «горные вершины» деп нақтылайды. Гете «шын-дарда тыныштық» (*Über allen Gipfeln, Ist Ruh*), дейді, ал Лермонтов «таулы шыңдарды түн түнегінде ұйқыға батырады» (Горные вершины, Спят во тьме ночной). Түпнұсқада мезгіл суреті нақты көрінбейді. Аудармашы мұнда да «түн» деп нақтылауды ұйғарған. «Тихие долины» – аудармашының өзінің тарапынан жасаған образы. Гетеді оқиғаның мекенін білдіріп тұрған бірлік «орман», аудармада бұл бірліктің орнына «долина» сөзі алынған. Бірақ орман мен алқап – екеуі екі түрлі объект. Түн пейзажын тереңінен суреттеу үшін «свежая мгла», «ночная тьма» деген көркемдік детальдарды өз тарапынан қосады. Өлеңде пейзаждың көрінісін әсерлі ете түсу үшін өзінің тарапынан «не пылит дорога, не дрожат листы» деген тармақтарды қатар қолданады. Түпнұсқада мұндай өлі тыныштық жоқ. Бұл тармақтар өлеңнің мазмұнын өзгерткен. Гетенің өлеңінде керісінше қимыл, қозғалыс бар. Сондықтан Лермонтовтың жапырақтарды қимылсыз, қозғалыссыз етуі түпнұсқаның мазмұнына әсер еткен. Гете жолдан шаң шықпайды демейді, оны да Лермонтов өз тарапынан қосқан.

Көрсетілген ауытқуларға қарамастан, М.Ю. Лермонтов өз аудармасында Гете өлеңінің рухын, поэтикалық мәнін асқан шеберлікпен бере білген.

Абай Гетенің осы өлеңін М.Ю. Лермонтовтың аудармасынан мынадай үлгіде аударарды:

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал қып  
Түн басады салбырап.  
Шаң пығармас жол-дағы,  
Сілкіне алмас жапырақ,  
Тыныштығың сен-дағы  
Сабыр қылсаң азырақ [4, 57].

Абай аударманың әр екі тармағында біршама толық аяқталған ойды білдіреді. Әр екі тармақ сабақтас құрмалас сөйлем үлгісінде

құрастырылған. Г. Бельгердің кері аудармасында осы жүйе толық сақталған. Б. Момышұлының кері аудармасында сабақтас құрмалас сөйлемдер М.Ю. Лермонтовтың аудармасындағыдай салалас құрмалас үлгісінде беріледі. Әрине, Абайдың аудармасының поэтикалық қуаты түпнұсқаның көркемдік сапасын мейлінше толық жеткізеді. Бірақ осы толық болмысты орыс тілді оқырман үшін лайықты сипаттап беру оңай емес. Бұл ретте Абайдың аудармасын орыс тіліне жолма-жол кері аударуға тура келеді. Г. Бельгер мен Бауыржан Момышұлы осы міндетті ойдағыдай шешкенін атап өту қажет. Екі аудармашы да Абайдың мәтінінің мазмұнын дұрыс жеткізе білген. Ал Абай мәтінінің мағыналық-құрылымдық, семантикалық-синтаксистік бітімін беруге келгенде, Г. Бельгер барынша дәлдік көрсетеді. Г. Бельгер Абай аудармасының семантикалық-синтаксистік табиғатын сақтайтын болса, Б. Момышұлы Абайдың аудармасының мазмұнын М.Ю. Лермонтов үлгісіне сай беруді дұрыс көрген сияқты.

Біздіңше, Г. Бельгер мен Б. Момышұлының екеуінің де кері аудармасы Абайдың аудармасының сапасын, оның түпнұсқаға сәйкестігінің деңгейін байқауға үлкен септігін тигізеді.

Г. Бельгер Абайдың аудармасын мынадай үлгіде жолма-жол кері тәржімалайды:

Темной ночью горы, дремля,  
Уходят в сон,  
Разнежившись (разомлев).  
Степь тихую разморив  
(обессилев),  
Накрывает ночь, нависая.  
Не пылит дорога,  
Не вздрагивают листья.  
Отдохнешь и ты,  
Если проявишь немного  
Спокойствия [3, 92].

Б. Момышұлы Абай аудармасын жолма-жол кері былай тәржімалайды:

В темную ночь горы дремлют,  
Ко сну уходят блаженно.

В степи тихо, тишине внемлят,  
Ночь опускается легким покрывалом.  
Не пылит дорога.  
Не может встряхнуться листва.  
Успокоишься и ты,  
Если наберешься немножко терпенья [2, 110].

Абай аудармада «қалғу», «балбырау», «салбырау» сөздерін өз жанынан қосқан. Абайдың өз жанынан қосқан өзгертулері мен сөз қосулары аудармада өлеңнің көркемдік рухын беруге қызмет етеді. Лермонтовта таулар түн түнегінде ұйықтап жатса, Абайда әлі ұйықтаған жоқ, таулар балбырап жатыр. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Түн – тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы» деген анықтама берілген. Бірақ осы түн образын әр автор түрліше қабылдайды. Гетедің түн суық, үрейлі, қорқынышты. Гете түн деген сөзді тура мағынасында емес, «мгла , мрак, тьма, глухой лес» сияқты сөздермен білдіреді. Бұдан түн туралы емес, түнек, түн түнек туралы ұғым туады. Гетенің «Орман патшасы», «Сыған өлеңі» деген өлеңдеріндегі «Кто скачет, кто мчится под хладною мглой?», «В тумане текучем, в глубокий снег, В глухом лесу, в полуночный мрак» деген жолдардан дәл осындай эмоциялық күй байқалады. Гете түн образы арқылы бойын билеп тұрған қорқыныш, үрейін, көңіл күйін, сезімін жеткізеді.

М.Ю. Лермонтовта түн қою және тіршіліктің бәрі қалың ұйқыда, айнала түгел түн құшағында тыныштық тауып, дамыл алып жатқанда, лирикалық кейіпкер ғана ұйқысыз, жалғызсырап, тынши алмай жүргендей сезіледі. Оның бойында жалғыздықпен бірге қорқыныш сезімі де бар.

М.Ю. Лермонтов өзінің шығармасының тақырыбы, идеясы Гетенің шығармасымен ұқсас болғандықтан аударарда, бірақ Гетедің тек «тыныштық» және тыныш тапқысы келген көңіл сазы туралы айтылады. Лермонтов «тыныштықты» «ұйқы» деп өзінің тақырыбына жақын етіп ауыстырады. Гете мен Лермонтов үшін түн образы қорқыныш сезімін тудырса, Абайда түн мүлде басқа. Абай үшін түн образы ерекше сезімге толы, тіршілік иелерін ешқандай уайым, қайғы, үрейсіз тәтті ұйқыға батырады. Абай



аударған өлеңде романтикалық сипат сезіледі. Мұны Абайдың өзінің «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінен де көруге болады. Абай Гетенің өлеңін жаңаша романтикалық стильге салуы автордың түпнұсқаны интерпретациялай білу шеберлігін танытады. Біздіңше, Абай түпнұсқаның сабырлылық пен тыныштықты аңсау идеясын өте терең, әрі көркем тілмен жеткізген, ерекше романтикалық бояумен берген, өз оқырмандарының қабылдауына жеңіл әрі әсерлі эпитет, метафоралармен өрнектеген. Ақын тәржімасының ең ұтымды жағы – прагматикалық тұрғыдан аса құндылығы – қабылдаушының ой танымына бейімділігі, жақындығы. Осы тұрғыдан қарағанда, Абайдың аудармасын түпнұсқаға пара-пар деп қабылдау дұрыс.

М.Ю. Лермонтов алғашқы төрт шумақта бір ғана «вершины спят» етістігін қолданса, ал Абай «кетер», «түн басады» етістіктерін және «дел-сал ғып», «балбырап», «қалғып» көсемшелерін пайдаланған. Етістік пен етістік формаларының Абай өлеңінде бұлай көптеп кездесуі аудармадағы түн суретіне жан бітіріп, оны әрлендіріп, әсерлі ете түскен. Абай түннің бата бастаған сәтін, оның жақындауын, айналаны қараңғылық басып келе жатқандығын жайлы қозғалыста көрсетіп, даланың әсем түнін оқырманның көз алдына әкеледі. «Тихие долины» сөзбе-сөз аударатын болсақ «тыныш алқап» болады. Оны Абайдың «долинаны» сөзбе-сөз аудармай «дала» деп беруі орынды. Себебі «дала» сөзінің мағыналық өрісі «алқапқа» қарағанда кең. Аудармадағы «жым-жырт», «дел-сал» эмоционалды-экспрессивті бірліктер өлеңді әрлендіре түскен. М.Ю. Лермонтовтың «полны свежей мглой» деген тармағында «мгла» сөзінің нақты қай мағынада («мұнар, тұман, қараңғы») қолданылып тұрғандығын ажыратудың өзі қиын. М.Ю. Лермонтовтың «свежий» сөзінің қолданылуынан енді қоюланып келе жатқан түн туралы айтылып тұрғандай сезіледі. Абай бұл тармақтың мағынасын жеткізуде қателеспей, тілге жеңіл, түсінікті түрде «түн басады салбырап» деп аударарды. М.Ю. Лермонтовтың «отдохнешь и ты» тармағын Абай «тыншығарсың сен-дағы» деген үлгіде аударарды. Қазақ әдеби тілінде «тыншығу» деген сөз бар, мұндағы «тыншығу» – Абайдың өз тарапынан өзгертіп, енгізген сөзі. Абай өлеңді

осындай детальдер арқылы өз халқының рухына мейлінше жақын етіп аударды. Ақын жүрегін толқытып толғантқан нәрсе – далада енді ғана қоюланып келе жатқан түннің тыныштығы. Т. Өлімқұлов: «аударма шығарманың әрпін емес, рухын жеткізуге тиіс, сөзді аудармау керек, ой-пікірді аудару керек, автор интонациясын, тіл, образ, стиль ерекшеліктерін сақтау шарт, аударма мейлінше жатық болсын» [5, 110], – деген пікір айтады. Аталған талаптардың негізінде Абайдың аудармада қолданған осындай әдіс-тәсілдері жатқандығы сезіледі.

Аударма өнерінің шебері М.Т. Цицерон өзінің аударма туралы ойларында түпнұсқаны сөзбе-сөз емес, сөздердің мағыналарын, бейнелілігін, көркемдік-эстетикалық қуатын сақтап аударудың қажеттілігін айтқан [2, 58]. Әрине, аударма – әркімге беріле бермейтін өнер. Аударма өнерін үйренемін деген кісiде таза, шыншыл, пәк, ынталы, ыстық жүрегі болуы керек. Аудармада әр сөз түпнұсқа тіліндегідей толық, мәнерлі, жан дүниемізді қозғап, жүректен өтіп, содан шығып тұратындай болуы шарт. Аударманың мәнерлілігі мен айқындығына жету үшін алдымен, мәтіннің мәнін жеткізе білу керек [6, 76-77]. М. Лютердің аудармаға қойған осы талаптары Абайдың аудармасында сақталған және нағыз аудармашы бойында болуы тиіс қасиеттердің барлығы да Абайдан табылады. Түрлі дәуірде өмір сүрген М.Т. Цицерон, М. Лютер және Абайдың аударма туралы ұстанымдары мен ойлары бір арнадан шығады.

Г. Бельгер мен Б. Момышұлының жолма-жол кері аудармасын салыстырып қарайтын болсақ, біздіңше, Абайдың аудармасына Б.Момышұлының жолма-жол аудармасы жақын. Г. Бельгердің аудармасының алғашқы төрт шумағы есімшелі және көсемшелі оралымнан құралған. Өлеңді көсемшелі немесе есімшелі оралымнан құруға болмайды, олар өлеңнің ырғағын бұзады. Г. Бельгер Абай өлеңінің стилін сақтау үшін грамматикалық ерекшеліктерін өзгертпей сол қалпында аударуға тырысқан. Орыс тілі мен қазақ тілінің синтаксистік құрылымы бірдей емес екені белгілі. Сол себептен Г. Бельгердің аудармасында түпнұсқаның әуені, интонациясы жоғалған. Г. Бельгер аудармада Абай өлеңіндегі

сөздердің дәл баламасын қолданады, ал Б. Момышұлының аудармасында өзгертулер, жанынан сөз қосулар бар. Б. Момышұлы өзгертулер мен жанынан сөз қосуларды Абайдың өлеңіндегі көркемділікті, бейнелілікті сақтап, белгілі дәрежеде аудармада жеткізу үшін жасаған. Г. Бельгер төртінші тармақты «накрывает ночь, нависая» деп сөзбе-сөз дәл аударған. Бірақ Б. Момышұлы «ночь опускается легким покрывалом» деп аудармада метафоралық тіркесті қолданған.

М.Ю. Лермонтов түпнұсқаның табиғатын ашып, ондағы әуенді, ырғақты, интонацияны, мағынаны орыс тіліне сәтті жеткізе білген. М.Ю. Лермонтов Гетеден тақырыпты, идеяны алып аударған болса, Абай Лермонтовтың тақырыбын байытып, оқырманның көз алдына нағыз қазақ даласының түнін алып келеді. Абай өлеңіндегі түн – тауларға жан бітіп қалғып, балбырап, ұйқыға батып бара жатқан түн. Абай түнінің ерекшелігі – М.Ю. Лермонтовтағы жансыз табиғатқа жан бітуінде. Абай өлеңіндегі табиғаттың тылсым қасиетін оның әсем көрінісімен ұштастырып шебер суреттеу Абай аудармасын М.Ю. Лермонтовтың орысша нұсқасынан асырып түсіреді. Аударманың түпнұсқа деңгейінен асып түсуі сирек кездесетін құбылыс.

### Әдебиеттер

1. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. – Алматы, 2009.
2. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма. – Алматы, 2011.
3. Бельгер Г. Ода переводу. Литературно-критические статьи, исследования, эссе о проблемах художественного перевода. – Алматы: «Дайк-пресс», 2005.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т 2. – Алматы: Ғылым, 1977.
5. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978.
6. Мартин Лютер. Послание о переводе // Аударма ісі: байырғы трактаттар мен кейінгі толғамдар / құраст.: Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, Л. Мұсалы, Е. Кәрібозов, Г. Даутова. – Алматы, 2014. – 71-87 б.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                    |     |
|--------------------------------------------------------------------|-----|
| КІРІСПЕ .....                                                      | 3   |
| I тарау. Мәдениетаралық байланыстар .....                          | 6   |
| II тарау. Классикалық үлгі .....                                   | 37  |
| III тарау. Көркемдік бейнелеу құралдары<br>мен өзекті ойлар .....  | 54  |
| IV тарау. Асыл нұсқа және аударма .....                            | 80  |
| V тарау. Мазмұн мен мағына .....                                   | 122 |
| VI тарау. Образ және образдылық .....                              | 158 |
| VII тарау. Қабылдау мен пайымдау арналары .....                    | 186 |
| VIII тарау. Көркем ақпарат: аңғару мен аудару .....                | 209 |
| IX тарау. Авторлық дүниетаным<br>(түсіну, пайымдау, бағалау) ..... | 261 |
| ҚОРЫТЫНДЫ .....                                                    | 288 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**

**IX том**

**Пәнаралық-зерттеу**

**Авторлар:**

*Дәдебаев Жангара, Тарақ Әнуар,  
Көпбасарова Айнұр, Қожақанова Мәдина,  
Сандыбаева Құралай, Сәйдәжиева Айдана,  
Кіребәева Айдана, Түнкер Айсұлу*

Редакторы *К. Мухадиева*

Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ № 9189**

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ .  
Көлемі 18,18 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №235.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.